



# Қанаттан Бауыржан Молишұлы

# Бауржан Малишев

Бауыржан Тұнайым Мошкесов

# Бауыржан Момышұлы

Генерал-губернаторъ Генерал-губернаторъ

# Барыжан Маметов

# Башкортостан Республикасының Башкорттар Пәннишустары

# Разумъкан Манифести Разумъкан Мани

# Бауыржан Байтіксар Молитүрлө

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

*Халық перзенті (серия)*

*Қаһарман*

M 66 **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ:** *Фотоальбом.* — Алматы: «Өнер» баспасы, 2008. — 192 бет.

ISBN 978-601-209-036-9

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы — XX ғасыр биітінде тұрған дара тұлға.

Балалық шағын Қаратай, Алатау қойнауларында өткізіп, асау заманмен арпалыса жүріп есейген, қоғамның небір сұрапыл, киян - кескі кезеңдерінде алған бағытынан кайтпастан өз заманының биігіне көтерілген қазақ баласы көзі тірісінде бүкіл Кеңес Одағы мактан тұтатын және шет елдер танитын аңыз — адамға айналды.

ҚСРО-дағы ірі әскербасы — маршалдармен бірге, өз қол астындағы мыңдаған қарапайым жауынгерлермен жұп жазбай жүріп, Б. Момышұлы 1941 жылдың жазында басталған Ұлы Отан соғысына 1945 жылдың коктеміне дейін үзбей қатысып, Елімізді фашист басқыншыларынан қорғап қалу жолындағы қан майданды қаһармандықпен қақ жарып өтті! Қарапайым командирден даңқты қолбасшы тұғырына көтерілді.

Бауыржан Момышұлы соғыстан соңғы жылдарда аса көрнекті жазушы ретінде танылды. Оның қаламынан шықкан әскери және көркем шығармалар, роман-әңгімелер, хикаялар ел итілігіне айналды.

Халық перзентінің 100 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған бұл фотоальбомда хас Батырдың тұлғасына қоған дүние көмейінен келіп қонған қаһармандық мінез бен оның жайнаған жастиқ шагы, соғыс алапаты, қан майдан мен Женіс туын қолға ұстаған тарихи кезеңдер, соғыстан соңғы өмірі мен Бауқен дүниеден откеннен соң оралған Қазақстанның Тәуелсіздік рухы архивтік фотосуреттер, деректер мен фотоқұжаттар арқылы қамтылды.

M 0503020905  
00 (05) - 08

ББК 63.3 (5 Қаз) я 6

© Момышұлы Бауыржан, 2008

© «Өнер» баспасы, 2008

Барлық құқығы қоргалған. «Өнер» баспасының жазбаша руксатынысыз альбомды қошіріп басуға және бөлшектеп пайдалануға болмайды.

## Азамат. Қаламгер. Қаһарман

Қазақ халқының даңқты перзенті Бауыржан Момышұлының аса күрделі өмір жолы Ел басындағы ірі тарихи кезеңдермен тұспа-тұс келеді. Откен XX ғасырдың басында, атап айтқанда — 1928 жылдан бастап үнемі ат үстінде сапар шегіп, бұрынғы КСРО, қала берді одан тыс алыс елдерді арапап, көзімен көріп қайтты. Шығысы — сонау Қызыр Шығыспен, батысы — Америка континентіндегі Куба мемлекетімен, онтүстігі — Терmez, солтүстігі — мұқ басқан, азулы азынаған аязды, бет қаратпайтын боранды терістіктің кең алқабын арапап қайтқаны белгілі.

1932 жылы алғашқы әскери дайындықты Өзбекстанның Терmez қаласында откен Б.Момышұлының әскери өмір жолы осы жерден бастау алған болатын. 1933-36 жылдары кіші командирлер құрамын дайындастырын курсты да сонда тамамдап, ішкі командир санатында іріктелген арнайы топтың құрамында әскер қатарына шақырылған. Кеңес Қызыл Армиясының қатарына командир ретінде шақырылған алғашқы қазақтардың бірі. Мұнан кейін ол тұрақты әскер қатарына біржолата қалып, ғұмырының 25 жылында, яғни 1955 жылға дейін Қызыл Армия құрамында әртүрлі шенде құрама командирінен дивизия командиріне дейінгі дәрежеге жетті.

1936 жылы Қызыр Шығыстағы шекаралық әскери құрамы артиллериялық взводының командирі дәрежесіне көтеріліп, озі қызмет еткен полктің ат спорты командасының капитаны, әрі жаттықтырушысы міндетін қоса атқарған.

Қызыр Шығыста қызметін өтеп жүрген Б.Момышұлы әскердегі адал, әрі шынайы қызметі үшін армия құрамындағы ат спорты жарысының жеңімпазы ретінде маршал В.Блюхердің қолынан марапат алды. Ол тұста бүкіл КСРО әскери құрамында бес маршалға болғаны анық. Бауыржан Момышұлы сол бес маршалдың біреуі В.Блюхердің қолынан арнайы марапат алған.

Момышұлы 1941 жылдың басынан Қазақ КСР-і әскери комиссариатында аға нұсқаушы қызметін атқарып жүрген кезінде — еріктілердің бірі ретінде батальон командирі дәрежесінде 316 атқыштар дивизиясының құрамында Ұлы Отан соғысына — майданға аттанды.

1942 жылы И.Панфиловтан кейінгі сегізінші атқыштар дивизиясының командирі генерал И.Чистяковпен тізе қоса қан майданды бірге кешті.

Бауыржан Момышұлының қаһарман командир ретіндегі атак-даңқы, әсіресе, фашистер КСРО астанасы — Москванды алу үшін барлық қарулы күштерінің негізгі тобын шүғыл шоғырландырып, Волоколам, Старая Русса — Холм бағыттарында жанталаса үмтүлған кезеңде 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың алғашқы айларында бүкіл елімізге өйгілі болды. Сол кездерден бастап барлық Кеңес баспасөзі қазақ халқынан шыққан қайтпас, қайсар қолбасшы туралы тоқтаусыз жазатын еді.

Б. Момышұлы 1955 жылы әскер қатарынан толық босағаннан кейін жазушылық жолға түсіп, өзінің әскери мемуарлық шығармаларын жазуға кірісті. Жазушылықпен айналысып қана коймай, Жазушылар Одагының қоғамдық өміріне етене арапасып, әскери-патриоттық іс-шаралар үйымдастырып, заманымыздың занғар жазушысы М.Әуезовпен бірлесе отырып, үнді жазушылары мен Қазақстан жазушылары арасында шығармашылық көпір салып, сол қоғамдық үйымды басқарды.

Жазушының 1941 жылы жазыла бастаган “Ұшқан ү” шығармасы 1946 жылы баспаға ұсынылды және 1960 жылдардың аяғында жазушы Т.Иманбековтің аудармасымен қазақ оқырмандарына толықтай таныс болды. Оның бұл шығармасы негізінен аяқталмаған. Кейір зерттеу деректеріне сүйенсек, бұл шығарма үш кітаптан тұруға тиіс екен.

Куба саяхаты жазушының өміріндегі ең зерделі сапары болып есептелінеді. 1959 жылы Куба революциясы жеңіске жетіп, Америка континентіндегі алғашқы социалистік мемлекет ретінде калыптасып жатқан тұста Б.Момышұлы Куба мемлекетінің басшысы Ф.Кастроның арнайы шақыртуымен бір айға жуық сол елді арапап қайтып, өзінің “Куба әсерлері” деген атпен сапарнамалық шығармасын жарыққа шығарды.

Бауыржан Момышұлының ғұмырнамасына қысқаша тоқтала келіп, қолдарыныңдағы осы тұлғалық фотоальбомдағы сурет — рәсімдер қаһарман қаламгердің әр тұстағы сапарларынан жинақталған жүздеген нақты фотоқұжаттық аса құнды тарихи деректер екендігін айрықша ескерткіміз келеді.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,  
Мұхamedжан КӘТИМХАН

*Батыр шықты қазақ деген қауымнан,  
Корықпайтын боран менен дауылдан.  
Францияда туылса, болар еді Бонапарт,  
Казақстанда туылып,  
Болып қалған Бауыржан!*

*Маган деген атақты,  
Міндем етсең, өзің ал.  
Әділетке бас ұрып,  
У берсең де маган бал.*

27. 06. 1942 жыл

*Осымашұра*

# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

(1910—1982)

1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Колбастау ауылында туған. Кенес Одағының Батыры. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976).

Шымкенттегі жетіжүйлік интернатты бітірген (1928) соң, бастауыш мектеп мұғалімі, ауатком хатшысы, милиция бастығы болды. 1932 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. Қызметін өтеп қайтқан соң, Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істейді. 1936 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсы бітіріп, Қызыл Армия қатарына қайта алынады, взвод, рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі, ал 1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы. Ұлы Отан соғысы басталысымен 316 атқыштар (кейіннен 8-гвардия) дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанды. Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысты. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болды, соғыстың соңғы жылдары (1944—1945) осы дивизияны басқарды.

Ұлы Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, қаһармандық даңқы анызға айналды. 1952 жылы Кенес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітірді. 1956 жылға дейін әскери академияда сабак берді. “Офицердің күнделігі” (1952), “Бір түннің тарихы” (1954, орыс тілінде), “Біздің семья” (1956, орыс тілінде) атты алғашқы кітаптары сол тұста жарық көрген. Еңбектерін, көркем туындысын орыс-қазақ тілінде бірдей жазған бірегей қаламгердің “Москва үшін шайқасы” (1959, орыс тілінде — 1958) — Отан үшін ұлы шайқастың үлкен бір шежіресі іспетті күрделі шығарма. Мұнымен қатар “Жауынгердің тұлғасы” (1958), “Майдан” (1961), “Майдандағы кездесулер” (1962, орыс тілінде), “Генерал Панфилов” (1963, қазақ тілінде — 1966), “Төлеген Тоқтаров” (1965), “Куба әсерлері” (1965), “Ел басына құн туса” (1970), “Ұшқан ұя” (1975), “Адам қайраты” (1981), т.б. кітаптары бар. 2000 жылы “Жазушы” баспасынан шығармалар жинағының екі томдығы шықты.

Бауыржан Момышұлы шығармалары: “Наш генерал” (повесть, 1963 жыл); “Жонарқа” (әңгімелер, “Жазушы”, 1965 жыл); “Наша семья”, (повесть пен әңгімелер, “Жазушы”, 1974 жыл); Шығармаларының екі томдығы (“Жазушы”, 1969 жыл); “Адам қайраты” (әңгімелер, “Жалын”, 1981 жыл).

**Шығармалары бірнеше шетел тілдерінде басылған.**

Оның қаһармандық ерлігі туралы орыс жазушысы А.Бек “Волоколамское шоссе” (1947, 1960, 1962, 1988; қазақ тілінде “Арпалыс”— 1948, 1959, 1977, ауд. К.Сағындықов) повесінде жан-жақты жазды. Б.Момышұлының өміріне арналған Ә.Нұршайықовтың “Ақиқат пен аныз” (1976) роман-дилогиясы жарық көрді. “Қазақфильм” киностудиясы “Ел басына құн туса” (1967) көркем фильмін түсірді.

Енбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, “Құрмет Белгісі” ордендерімен, медальдармен марапатталған.

